

Краткий агрометеорологический обзор за 2 декаду апреля 2026 года.

Во второй декаде апреля на юге и юго-востоке республики среднедекадная температура воздуха была около и меньше нормы. В районах возделывания озимых зерновых культур осадки выпали около и больше среднемноголетних значений, лишь на юге осадки выпали меньше нормы. На юго-востоке страны на посевах в основном наблюдаются фазы развития «кущение»-«выход в трубку». На юге страны в большинстве районов продолжается фаза развития «кущение»-«появление нижнего стеблевого узла над поверхностью почвы». Состояние растений в основном хорошее и отличное.

На юго-востоке и юге страны на посевах ярового ячменя в основном наблюдается фаза развития растений «всходы»-«3-й лист». Состояние растений хорошее и отличное.

На юге республики в окрестности агропоста Ошакты Келесского района Туркестанской области наблюдается фаза развития «появление 3-5-го листа». Состояние посевов хорошее. В Панфиловском районе области Жетісу после предварительной обработки почвы в начале второй половины декады приступили к посеву сафлора.

В окрестности метеостанции Кызылту области Жетісу в середине декады наблюдалась фаза развития «всходы». Состояние растений отличное.

В окрестности метеостанции Чингирлау Чингирлауского района Западно-Казахстанской области после предварительной обработки почвы в конце декады приступили к посеву сафлора.

В Алматинской, Жамбылской, Туркестанской областях и области Жетісу в садах с плодовыми культурами наблюдаются «появление соцветий»-«цветение» на ветках яблонь и груш. В Туркестанской области у вишни наблюдается фаза развития «конец цветения». Состояние плодовых культур в целом хорошее.

В Алматинской, Жамбылской, Кызылординской, Туркестанской областях и области Жетісу на наблюдательных участках многолетних трав люцерны, клевера и эспарцета продолжается фаза развития «рост стебля». Состояние трав хорошее и удовлетворительное.

В Западно-Казахстанской, Костанайской, Павлодарской и Улытауской областях на наблюдательных участках наблюдается возобновление вегетации трав житняка.

На последний день декады скот на пастбищах выпасался повсеместно. Состояние травостоя на пастбищах удовлетворительное и хорошее, отличное состояние травостоя отмечается на пастбищах в Алгинском районе Актюбинской области, в Балхашском и в горных и предгорных районах Алматинской области и Акжарском районе Северо-Казахстанской области.

Сырая дернина отмечается в Актюбинской, Западно-Казахстанской, Костанайской, Мангистауской областях, сухая дернина на остальной части пастбищ.

На конец декады сильно стравлены пастбища в Акжайкском районе Западно-Казахстанской области, не стравлены пастбища в Жамбылской, Костанайской и в отдельных районах Актюбинской, Мангистауской областей, умеренная стравленность отмечается на отдельных пастбищах в Алматинской, Атырауской, Западно-Казахстанской, Мангистауской и Туркестанской областях и в области Жетісу, на остальной части пастбища слабо стравлены.

По результатам наблюдений за влажностью почвы запасы продуктивной влаги в Актюбинской, Мангистауской, Восточно-Казахстанской, Алматинской, Жамбылской, Туркестанской, Кызылординской областях и области Абай и Жетісу в основном сформировались как оптимальные, однако в большинстве наблюдательных участков в Западно-Казахстанской области влагозапасы сложились как недостаточные.

2026 жылдың сәуір айының 2 онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу.

Сәуірдің екінші онкүндігінде республиканың оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында ауаның орташа онкүндік температурасы нормаға жуық және нормадан төмен болған. Күздік дәнді дақылдар өсірілетін аудандарында жауын-шашын орташа көпжылдық мәндерге жуық және одан көп болған, тек оңтүстікте жауын-шашын нормадан аз жауған. Елдің оңтүстік-шығысында егістіктерде көбінесе «түптену»-«түтікке шығу» даму фазалары байқалған. Елдің оңтүстігінде көптеген аудандарда «түптену»-«топырақ бетінен төменгі бағаналы сабақтың пайда болуы» даму фазалары жалғасуда. Өсімдіктердің жағдайы көбінесе жақсы және өте жақсы.

Елдің оңтүстік-шығысы мен оңтүстігінде жаздық арпада көбінесе «көктеу»-«3-ші жапырақ» өсімдіктерінің даму фазалары байқалады. Өсімдіктердің жағдайы жақсы және өте жақсы.

Республиканың оңтүстігінде Түркістан облысы Келес ауданы Ошақты агропостының маңайында «3-5-ші жапырақтың пайда болуы» даму фазасы байқалады. Дақылдардың жағдайы жақсы. Жетісу облысының Панфилов ауданында онкүндіктің екінші жартысының басында топырақты алдын ала өңдегеннен кейін мақсары егуге кіріскен.

Жетісу облысының Қызылту метеостанциясының маңайында онкүндіктің ортасында «көктеу» даму фазасы байқалған. Өсімдіктердің жағдайы өте жақсы.

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының Шыңғырлау метеостанциясының маңайында онкүндіктің соңында топырақты алдын ала өңдегеннен кейін мақсары егілген.

Алматы, Жамбыл, Түркістан және Жетісу облыстарында жеміс дақылдары бақшаларында алма мен алмұрт бұтақтарында «гүл шоғырының пайда болуы»-«гүлдену» байқалады. Түркістан облысында шиеде «гүлденудің соңы» даму фазасы болған. Жалпы жеміс дақылдарының жағдайы жақсы.

Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан және Жетісу облыстарында жоңышқа, беде және эспарцет көпжылдық шөптерінің бақылау учаскелерінде

«сабақтың өсуі» даму фазалары жалғасуда. Шөптердің жағдайы жақсы және қанағаттанарлық.

Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Ұлытау облыстарында бақылау учаскелерінде еркек шөптің вегетациялық кезеңінің басталуы байқалады.

Онкүндіктің соңғы күні жайылымдарда мал тегіс жайылған. Жайылымдардағы шөптердің жай-күйі қанағаттанарлық және жақсы, шөптердің өте жақсы жай-күйі Ақтөбе облысының Алға ауданындағы, Алматы облысының Балқаш ауданында және таулы және тау бөктеріндегі аудандарда және Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданындағы жайылымдарда байқалған.

Дымқыл шым Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қостанай, Маңғыстау облыстарында орын алған, жайылымдардың қалған бөлігінде шым құрғақ болған.

Онкүндіктің соңында Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданындағы жайылымдар қатты оталған, жайылымдар оталмаған Жамбыл, Қостанай, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарының жекелеген аудандарында, бірқалыпты оталған Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Түркістан және Жетісу облыстарындағы жекелеген жайылымдарда және жайылымдардың қалған бөлігі әлсіз оталған.

Топырақ ылғалдылығын бақылау нәтижелері бойынша Ақтөбе, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстарында және Абай мен Жетісу облыстарында өнімді ылғал қоры көбінесе оңтайлы болып қалыптасқан, алайда Батыс Қазақстан облысындағы бақылау учаскелерінің көпшілігінде ылғал қоры жеткіліксіз болған.